

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім беру мен оқытуды ұйымдастыру:
Дифференциация және жетістік,
Дифференциация және идеология,
Психологиялық зерттеу және
педагогикалық тәсілдер



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен оқытуды ұйымдастыру: Дифференциация және жетістік, Дифференциация және идеология, Психологиялық зерттеу және педагогикалық тәсілдер

Дифференциалды оқытудың екінші қағидасы процесске ерекше ден қояды. Демек, «дифференциалау деп оқушылардың жеке қажеттілігіне сүйене отырып, олардың әлеуетін арттыру мақсатында сынып сағатына жоспарлы түрде араласу процессін айтамыз» (Dickinson and Wright, 1993: 1). Қабілетінің қандай екендігіне қарамастан, оқушылардың тақырыпқа қызығушылық танытуы, таныстырылымға дайындала білу қабілеті, басқалармен бірлесе жұмыстай білуі немесе жеке жұмыс жасауды қалауы, тыңдай білу қабілеті, ата-анасының қолдауы, оқыту стильдері, жынысы, этникалық тобы, мәдени ортасы және т.б. түрлі болып келеді. Мұндай ерекшеліктер олардың сабақ үлгеріміне әсер етеді (Maqсud, 1997). Бұл ерекшеліктерді ескере отырып, оқытуды әртараптандырудағы мұғалімдердің негізгі міндеті, оқушының қазіргі жағдайы мен олардың әлеуетінің қандай екендігінің арасын ажырата білу. Бұл Выготскийдің (1978) проксималды даму аймағы жайлы еңбектерімен үндесіп жатыр, бұл еңбегінде Выготский оқушы алғаш рет басқалармен бірге жасап көрген нәрсесін кейінірек өз бетімен-ақ жасай беретін болады деген еді. Олай болса, оқытуды жеңілдетуге бағытталған дифференциалды тәсілдемені сипаттайтын екі қағиданы былай қорытындылауға болады:

1. Оқушының нәтижесі нақты бір қабілетпен емес, керісінше, өзара байланысты ішкі және сыртқы факторлармен тығыз байланысты; сондықтан, жетістік негізі деп дағдылар мен қабілеттердің бір-біріне контекстуалдық тұрғыдан тәуелді болып келетін жиынтығын айтуға болады.
2. Мұғалім оқыту процессіне емес, оқыту нәтижесіне көңіл бөледі.

Дифференциация және жетістік

Ұлттық оқу жоспары кеңесі (NCC, 1990) ұсынған қағидалармен салыстырғанда, бұл қағидалар өте күрделі. Бұл кеңес ұлттық оқу жоспары мұғалімдерге:

- әр оқушының нені білетінін, нені түсінетінін және қолдарынан не келітінін бағалауға
- бағалау мен оқу бағдарламаларын жеке оқушылардың оқу қажеттілігін анықтау үшін қолдануға
- оқушылардың жетістігін ескеріп, олардың түрлі деңгейде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін жұмыс бағдарламаларын жасауға
- әр оқушы ең жоғарғы әлеуетіне қол жеткізе алатынына кепілдік беруге көмектесе алады деп есептейді. (Hart, 1996: 21).

Дифференциация және идеология

Кең мағынада алып қарастырар болсақ, дифференциация дегеніміз қоғамда білім беру жүйесін ұйымдастырудан бастап, сабақ үйрету кезінде оқушыларды қалай топтарға бөледі, мұғалімдер инклюзивтілік саясатын қалай іске асырады деген мәселелермен қатар, мұғалімнің жеке оқушыларға қатысты қолданатын нақты білім беру және оқыту стратегияларына дейінгі білім беру құбылыстарын сипаттайтын конструкт.

Дербес оқыту

Бертон (2007) дербес оқытудың педагогикалық және саяси негізі 1990 жылдардағы дифференциалды оқытудан басталады деп есептейді. Уэстон (1996) дифференциацияны оқушылардың қалаған мақсатына қол жеткізе алу үшін мұғалімдер қолданатын әдістердің қысқарған түрі деп сипаттайды. Ол әр балаға немесе жас адамға оқыту мен білім беруге сүйене отырып, барынша жоғары стандарттарға қол жеткізуге мүмкіндік бере алады. Табиғатына қарай, дербес оқытуды прескриптивті дей алмаймыз, сондықтан, ол нақты бір контекст аясында дамуы керек.

Психологиялық зерттеу және педагогикалық тәсілдер

Білім беру педагогикасында кең танымал болған зерттеу түрлеріне оқыту мен ойлау стильдері, оқыту стратегиялары, тәсілдемелер мен преференциялар, метатаным, ми қызметі мен ойлау дағдылары,



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру мен оқытуды ұйымдастыру: Дифференциация және жетістік, Дифференциация және идеология, Психологиялық зерттеу және педагогикалық тәсілдер

эмоциялық зият пен көптік зият жатады. Жеделдетіп оқыту (Smith and Call, 2002) жоғарыда келтірілген көптеген теориялардан бастау алатын педагогикалық тәсілдемелерге берілген жиынтық атауға айналды. Ол біраз уақыт бойы білім беру мен оқытудың нәтижелі іске асуын қадағалап келген қағидалар жиынтығынан тұрады. Барлық оқушы өз деңгейінен де жоғары деңгейге жете алады деген үміт сияқты оқушыларды ынталандыруды да бұл тәсілдеменің негізгі қағидасы деуге болады. Жеделдетіп оқытудың практик мамандары нені оқыды дегеннен гөрі оқыту қалай орын алады дегенді түсіну қажет деп есептейді және сабақ кезінде зерттеулерді қарап шығуға бөлінген уақыттың жеткіліксіз болғанына қарамастан, барлық ұсыныс зерттеу нәтижелеріне негізделген деп сендіріп бағады.

Ми қызметіне жасалған зерттеулердің енді дамып келе жатқанына қарамастан, қарапайым халық пен білім беру саласының мамандарының оған деген қызығушылығы артып отыр.

Эмоциялық зиятқа қатысты сөз етсек, оны зерделеу шынымен де оңай шаруа емес, себебі, зерттеу контексті аясында түсініксіз факторлар көп. Қалай болғанда да, 2010 жылға қарай оқытудың әлеуметтік және эмоциялық аспектісі мектептерге кеңінен таныстырылып, бастауыш мектептердің 90 пайызы, орта мектептердің 70 пайызы халықаралық деңгейде танымал бола бастаған осындай бағдарламалардың ресурстарына арқа сүйеді (Evans et al., 2015). Қол жеткізген нәтижелер бірдей емес.

Ақыл-ой теориясы педагогикаға қалай әсер етеді деген даулы мәселе бар. Біз екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған үш жақты таңдаулы орта білім беру жүйесі аясында IQ теориясы оқушылардың өміріне ерекше әсер еткенін көрдік. Содан бері, ақыл-ойды сипаттау, дамыту және бағалау түрлеріне ерекше көңіл бөлініп келеді.

Бастапқы кезде білім беру қауымдастықтары психо-педагогикалық тәсілдемелерге біршама сенгенімен, кейінірек олардың теориялық және эмпирикалық негізіне сақтықпен, күмәнмен қарай бастады. Қалай болғанда да, экономикалық көзқарастардың мұндай жұмыстарды алға жылжытуға тигізер әсері таңқаларлық, олардың арқасында идеялар коммерциализацияланып, брендке айналуға, бұрынғы мәтіндерді жаңа сөзбен, жаңа контексте қолдана отырып, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келеміз.

Терминдер

Стратегия - қоғамдық, саяси күреске басшылық өнері, оны жүргізудің, дамуының нақты кезеңінің нақты жағдайларынан туындайтын жалпы жоспары, белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қаражат пен ресурстарды пайдалану тәсілі.

Сұрақтар:

1. Дифференциация мен жетістіктің өзара байланысы қандай?
2. Дербес оқыту дегеніміз не?
3. Психологиялық зерттеу және педагогикалық тәсілдердің білім беру ісіне әсері қандай болды?